

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QHGQ6907>***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова², А. С. Аблаев³**^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2111-6833>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-5652>³ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-2801-5818>e-mail: nartai1970@mail.ru

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ТҰСПАЛДАУ ӨЛЕҢДЕРІ

Бұл мақалада белгілі қазақтың ақыны, фольклортанушысы, тарихшысы, этнографы, шығыстанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы хикаят, тұспалдау өлеңдері қарастырылды.

Мәшһүр Жүсіп хикаят, тұспалдау өлеңдері арқылы қазақ лирикасының жанр ретінде толысу, жетілдіруіне көп ықпал етті. Бұл туындыларда түрлі лирикалық бейнелер арасындағы шағын тартысты енгізу көмегімен ақын лириканың жанрлық толысуына ықпал етті. Ішінара эпос, драма әсерін қабылдай отырып, өзекті ерекшелікті, лирикаға тән өзіндік сипатты сақтап қалудың соны түрлерін тудырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұспалдау, яғни бүкпелі өлеңдерін де аз жазбаған. Мақалада XX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы қазақ поэзиясының ең озық тұспал өлең үлгісі ретінде аталған Мәшһүр Жүсіптің «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі жан-жақты талданды.

Еңбекте сонау Бұқар жыраудан бастап Мәшһүр Жүсіп заманына дейін кездесетін ақындардың тұспал өлеңдеріне шолу жасалады. А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, С. Торайғыров т.б. сияқты ғалымдардың хикаят және тұспалдау өлеңдер жайлы жазған еңбектері мен пікірлері салыстыра зерттеледі.

Мәшһүр Жүсіп қазақтың мәдени мұраларын жинаумен, жариялаумен, зерттеумен ғана шектелген жоқ, сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихында өлеңнің жанрлық түрлерінің толысуына, стилдік ерекшеліктеріне т.б. үлкен үлес қосты.

Кілтті сөздер: М. Ж. Көпейұлы, А. Байтұрсынов, фольклор, лирика, хикаят, тұспалдау, жанр.

Кіріспе

Жалпы шығыс поэзиясында, оның ішінде қазақ ақындары шығармашылығында хикаят өлеңдердің ерекше орын алып келгені белгілі. А. Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабында мынадай анықтама жазған: «Хикаят. Діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес. Діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады [1]». Осы орайда орыс тіліндегі сөздіктің бірінде мысал тәрізді ақыл үйрету өлеңін «аполог» – деп [2] атағанын, оның біз келтіріп отырғанын «Хикаят» ұғымына біршама жақын екенін ескеру керек деп санаймыз.

Материалдар мен әдістері

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» (1880 ж.) өлеңінде алдымен бір адамның «Жолаушы боп келе жатып» бір сандықта тауып алғаны, ішін ашқанда, ондағы бір асыл тасты көргені, «Көп олжа болды ғой!» – деп шаттанып, қолына ұстағанда, оның әп-сәтте алдымен жыланға, ізінше айдаһарға айналып, өзін жұтпаққа төнгені баяндалады. Білмей істелген жаңсақ қадам осындай қауіпке ұшыратқанда барып, оған алдымен отыз адам, кейін бес адам, ең соңында жарты адам кез болғаны бейнеленеді. Назар аударарлық жайт: қиын жағдайда қалғанда, отыз кісі боп көрінген отыз күндік оразасының да жәрдемі тие қоймайды. Сырт көзге солардың бәрінен аз (алғашқыдағы – отыз, екіншідегі бес адаммен салыстырсақ), әрі күш-қуаты да кем болуы әбден ықтимал өйткені толық емес, жарты ғана адамның ғана қол ұшын бере алғаны, яғни тапқырлықпен қиналған жолаушыны құтқаруы назар аудартады. Сөз жоқ, осы арқылы үнемі дінді насихаттап келген автор ораза мен намазды жамандап отырған жоқ, тек ораза, намаздың өмірдегі нақты әрекетке, қайырымдылыққа ұштасқанда ғана қиналған адамға көмек бере алатыныны әспеттелген. Сөйтіп бір кезде біреуге жарты нан беріп көмектесуі жарты адам кейпінде көрініп, оның қысылған адамды құтқара алуын бейнелеу арқылы ақын құлшылықтың жалаң жүрмеуін оның кем, кедейге нақты қайыр жасаумен ұштасқанда ғана пәрменді болатынын көрсеткен.

Сөйтіп, бірнеше лирикалық бейне әрекеті, тіпті шағын тартысы бейнеленуі арқылы бұл туынды лирика көкжиегін біршама кеңейткен. Лирика көбінесе бір қаһарманның бірер сәттегі бірер толғанысын

бейнелеумен шектелсе, мұнда алдымен бірнеше кейіпкер алынып, олардың қарым-қатынасы біршама көрсетілген. Әйтсе де бұл туындының эпос емес, лирикаға жату себебіне келсек, сол әрекет, құбылыстың бәрі бір лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде берілгендігі дер едік. Міне, сырт қарағанда осындай бірнеше адам қарым-қатынасы алынса да, соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде келтірілуі үлгісі ақынның «Аңқау адам туралы», «Шайтанның саудасы» өлеңдерінде де жүзеге асқан. Хикаят өлеңнің мұндай сипаты ақынның: «Алтын табак», «Шайхы Ысқақ», «Надан би», «Ғалының тағылымы» өлеңдерінен де көрінген. Осы орайда «хикаят» ұғымына да сыя бермейтін, поэма деуге де келе қоймайтын, көлемі де ұзақтау, қатысушы адамдары біреу емес, бірнешеу болатын, белгілі бір оқиғаға негізделген, әйтсе де соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарман толғанысы ретінде берілгендіктен де, лирика шеңберінде қалатын мұндай туындыларды «Оқиғалы өлеңдер» – деп атағанды жөн көрдік. Оларға: «Ибраһим», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті», «Ханымбике», «Күйеу Мағзұм мен Хұршым» және «Момынның әйеліне шығарғаны» өлеңдері жатады.

Бұл тұста «хикаят», не «сюжетті өлең» ұғымынан сәл бөлектеу тұрған, өмірдегі бар деректерге, көбінесе өмірбаяндық шежіреге негізделген шығармаларды бір бөлек топтап, оларды: «деректі өлең» – деп ұсынғанды жөн көрдік. Мәселен: «Бөгелген хат» (1909), «Айқап» туралы (1915), «Малсыз дала» (1925). Бұл туындылар ақынның өз көзі көрген жекелеген келеңсіз деректерді келтіріп, соған нақты сын айтуға арналған. Ал, енді бір өлеңдерді өмірдегі деректі фактілерге негізделсе де, бір оқиғаны айта отырып, сол іспетті басқа да құбылыстарды қамту ерекшелігімен де көркем жинақтауға иек артқан деректі өлеңдер деп қарастыруға болады. Мәселен: «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста», «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы», «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені», «Мәшһүр Жүсіптің өлер алдындағы сөзі» өлеңдеріндегі көп деректер шындық көшірмесі. Бұл туындыларда Мәшһүр Жүсіп өміріне қатысты дерек көздері алынса да, соны тірек ете отырып, ақынның жалпы қоғамдағы қайшылықтарды т.б. кең қамтуға ұмтылуы – бәрі жеке дерекпен шектелмей, жинақтауды да қоса қамту үлгісін танытады. Нақты бір оқиғаны, не жеке бір адамды сөз ете отырып, уақыт, кезең ерекшелігін біршама кең ашуға ұмтылу ақынның: «Мұса Шорманұлының асы», «Қажыларға», «Байдалының Исасына», «Бердібек Қазанғапұлына» өлеңдерінде орын алған.

Мәшһүр Жүсіптің хикаят өлеңдерін сараласақ, оның аңызға негізделгендері де өз алдына бір төбе: «Кәф пен Нон», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхаммед пен Әбужаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Ықылас сүресі»,

«Сүлеймен мен Ібіліс» және «Адам ата мен Шайтан», «Пайғамбардың нұры», «Ораза туралы», «Расулдың өлімі» т.с.с. Бұл аңыз өлеңдері, яғни хикаят өлеңдері арқылы Мәшһүр Жүсіп қазақ лирикасының жанр ретінде толысу, жетілуіне көп ықпал етті. Бұл туындыларда түрлі лирикалық бейнелер арасындағы шағын тартысты енгізу көмегімен ақын лириканың жанрлық толысуына ықпал етті, ішінара эпос, драма әсерін қабылдай отырып, өзекті ерекшелікті, лирикаға тән өзіндік сипатты сақтап қалудың соны түрлерін тудырды. Өлеңнің өмірді қамту мүмкіндігі кеңейе түсті, сол арқылы шығарма көркемдігін, әсерін арттырудың соны үлгілері қанат жайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұспалдау, яғни бүкпелеу өлеңдерін де аз жазбаған. Мұндай өлеңдер тобын кезінде А. Байтұрсынов (1926 ж.) «бүкпелеу» – деп атап, оған мынадай анықтама берген: «Сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп айту – бүкпелеу деп аталады» [1; 3].

XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудың «Ханға жедел айтпасам» өлеңінде тұспалаудың өзіндік бірі түрі көрініс тапқан:

Судан қашып қарағай
Шөлге біткен бір дарак,
Шортан шөлге шыдамсыз
Балықтан шыққан бір қарак.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп... [4].

Кешегі кеңес дәуірінде Бұқар жырау өлеңдері неғұрлым толық шықты деген жинақтың өзінде шығарманың 29 тармағы қысқаруы тегін емес. Ол тәуелсіздіктен кейін жарық көрген кітапта біршама түзетілген [5]. ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы 1177 папкадағы Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасынан алынған бұл мәтінде сол үзіндінің 15-тармағы: «Азды көпке теңгеріп» кірмей қалған, сонымен оның алдындағы 14-жолдағы «жемқорларға» сөзі «жемірлерге» – деп сәл өзгертіліп берілген. Сондай-ақ ең соңындағы 26-тармақ: «Теңдік тимес құлыңнан» болса, ол «теңдік тимес қолыңнан» – деп қате берілген. Әйтсе де тұңғыш толық жарияланған өлең соңында «қарағай», «шортан» тұспал ұғымдары мәні ашылып, кейін келген отаршылдар ылаңы ашық айтылған:

Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды,
Елінді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан,

Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туғанда
Теңдік тимес құлыңнан [6].

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының өрши түсуі, наразылық өлеңдерін жарияламау, қысым өсуі, бәрі XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басында қазақ поэзиясындағы тұспал өлеңдердің тууын және дамуын негіздеді. Абайдың 1886 жылы жазған: «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңінде қыран бүркітке құс алдырмас үшін енді біреулердің оған қоса күйкентай мен қарғаны жіберетіні айтылады да:

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап [7] –

деп, қарға, күйкентайдың өздері түк алмаумен қоймай, қыранға бөгет бола алғаны әспеттеледі. Біздіңше, ақын мұнда тек аңшылық сәтсіздіктерін емес, қайта сол арқылы ел қамын жеген күрескерлерге ерген болып, бөгет тудырып жүрген әрекетсіздер ісі қоса тұспалданады. Осы орайда өлеңнің соңғы төртінші шумағының соңғы екі тармағы, яғни 15–16 жолдары бізге белгілі Абай кітабында жоқ екенін, ал Мәшһүр Жүсіптегі әулеттік мұрағатында ол тармақтар былай сақталғанын айтқымыз келеді: «Есір серік бермейді сөзге теңлік, // Тура шыннан қашасың қорғалақтап» [8]. Міне, мұндағы шыннан, яғни шындықты айту мен естуден, қашуды тікелей мінеу де әңгіменің өзекті түйіні аңшылық сәтсіздігіне емес, ел өміріндегі келеңсіздікке арналғанын дәлелдей түседі. 1913 жылы жазылған С. Торайғыровтың «Түсімде» өлеңінде Ресей отарлауы қыспағындағы қазақ елінің мүшкіл халі тұспалданып берілген:

Тағы да бір даулаған отты көрдім,
Қап-қара хисабы жоқ топты көрдім.
Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға
Ұсынған әр тараптан оқты көрдім.
...Аңдар тұр от пен судың арасында,
Сахараның әр жердегі даласында.
Өр нешік ғаріптердің ісі мүшкіл,
Я, Рахман, өзің бір жөн табасың да [9].

Міне, мұнда басты әңгіме әлде бір аңдар туралы еместігі, қыспақ көрген жойылу қаупі төнген қазақ халқына арналғаны белгілі. Бұл идеяны 1917 жылдан кейін нағыз бостандық келді деп сенген С. Сейфуллиннің өзі 1914 жылы «Түс» өлеңінде тұспалмен жеткізген. Ақын түсінде бір бақшадағы ағаштардың күзде емес, жаздығүні курап қалғанын т.с.с. көргенін бейнелейді де, қазақ халқының мұң-күйін бір шыбықтың сөзімен тұспалдап берген:

Ынтымақсыз иеміз болғаннан соң,
Жанжал қып, харап қыпты бірі-бірін.
Түсіпті қараңғылық сонсоң бізге,
Хан тәңірі аяғандай бізден нұрын [10].

Көріп отырғанымыздай, мұнда да өзекті ой, идея бақшаның қурауы, немесе табиғаттағы қараңғылық емес, адамдар өміріндегі жүдеушілік, оларға төнген қауіп туралы екені анық. Рас, С. Сейфуллин 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін де тұспалдау әдісін жиі қолданды. Бұл тұста ақын кеңес үкіметінің ниеті ізгі деп санап, соған сенгендіктен де, тұспалдауды тұнжыр қалыпты емес, жақсы делінген өмірді жарқын суреттермен ғана бейнелеуге иек артты. Бұл тұстағы Сәкеннің тұспалдауды қалай пайдаланғанын белгілі зерттеуші Е. Исмайылов орынды көрсеткен: «Тұспалдап жырлау көп ақынға тән, әсіресе, романтикалы поэзияға тән сипат. Оны біз Лермонтовтың, Блоктың, Абай мен Сұлтанмахмұттың поэзиясынан үнемі кездестіреміз, революцияны дауыл, нажағай, желдің екпіні бейнесінде жырлаған ақын шығармаларын да жақсы білеміз. Әңгіме ақынның бейнелеу тәсілінде емес, соған қандай мән беріп, идеясын айқын аңғартуында. Сәкеннің дала, жел, дауыл, аққу құс, асау тұлпар, эспресс, поезд, аэроплан, лашын құс образдарын белгілі бір сюжетке, айқын бір идеялық мақсатқа байланысты жырлауы революциялық романтиканың бойына жарасымды келіп отырады» [11].

Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабына енген «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі тек аталған ақынның емес жалпы XX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы қазақ поэзиясының ең озық тұспал өлең үлгісі деуге негіз толық. Өлеңде сөз болған соқыр, саңырау, жалаңаштың үшеуі де өмірде жиі кездесетін соқыр, саңырау, жалаңашқа ұқсамауымен де назар аудартады:

Дүрбіден біреуінің өткір көзі,
Көрмейді дәнемені сөйтсе де өзі.
Қырағы құмырсқадай нәрселерге,
Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі.

Мүлтік жоқ құмырсқаны көруінде,
Сұрасаң түгел айтып беруінде.
Онан басқа нәрседен түк көрмейді,
Кемдік жоқ жер-су басып жүруінде.

Құлағы тарс бекіген саңырау бірі,
Өлі емес, дені сап-сау, өзі тірі.
Дауысын дүңгірлеген естімейді,
Құдайдың соқтықса да көк пен жері.
Өзінде өшің болса, саңырауға ұрын,
Ұрынбасаң, білмейсің оның сырын.

Сыбырлап жасырып айтқан құпия сөзді
Естиді құлақтыдан әбден бұрын.

Жалаңаш, киімі жоқ, енді бірі,
Ашылып көрініп тұр ұят жері.
Етегі сүйретіліп келе жатыр.
Жаға-жең жоқ болса да, ол өңірі [12].

Әйтсе де басты қиындық, өзекті трагедия олардың соқыр, саңырау, жалаңаш болуында еместігі, қайта соны жасыруда екендігі өлеңде нақты көрсетілген:

Соқыр айтты:
- Мен анық тұрмын көріп,
Бір адыр қол келеді сейіл құрып.
Саны сонша өзінің пәлен мың! – деп,
Бүлінді өз-өзінен құдай ұрып.

Онда саңырау дүрілдеп келді жетіп:
- Дауысын тұрмын, – дейді, – мен де естіп.
Ана екеуі айтқан соң жау жетті деп,

Жалаңаш жаман қорықты есі кетіп:
- Бұл жерден біз қашпасақ тура көшіп,
Бір қуылса, соңымызға бұл жау түсіп,
Менің құрғыр қызығып етегіме,
Ұзынын қоймайды ғой алмай кесіп!

Соқыр тұр:
- Көрдім мен, – деп, – міне, – келді!

Саңырау тұр:
- Құлағым, – деп, – дыбыс берді!

Жалаңаш тұр, жан қоярға жер таба алмай:
- Айрылдым етегімнен мен, – деп, – енді! [12].

Шығармада одан әрі босқа дүрліккен үшеудің қашып жүріп айдалаға шығып кеткені, аштыққа ұрынған соң барып бір-бірінің өтірікке сенуін сынағаны сөз болады. Ең соңында бұл үшеуінің бір иесіз үйге кіріп, бір сүйекті кеміріп, соны қанағат қылғаны баяндалады:

Бір жемтік тақыр тиді болып қалған,
Талай қарға-құзғындар ауыз салған.

Ауыз жарыр еті жоқ бір қу сүйек,
Ұшқан құс, жүгірген аң қорек алған.

Елсізде кез ғып құдай душар еткен,
Болмайды аш, душар боп бұған жеткен.
Құста сұңқар, болмаса аңда арыстан,
Кем шығар бұл жемтіктен татпай кеткен?!

Жерге ет жоқ ауыз жарыр, ал кемірді,
Тас, ағаш шайнағандай ол темірді.
«Қарыны қайғысыздың тоқ» – деген бар,
Жеуменен емін-еркін құп семірді [12].

Әйтсе де бұл мәнсіз тіріліктің аяғы өлім болып, үшеуі де дүниеден өткенін бейнелеген соң, ақын сынын жайып салады:

Манағы үшеуі кім еді болған жолдас,
Ондай болып бас қосса ешкім оңбас!
Бірі хырыс дүние еді, көзі соқыр,
Болған оңбас соқырмен айлас, мұңдас.

Хырыс дүние кеткен соң көзді жауып,
Оңай емес енді алу жолды тауып.
Халықтың ғайыбын көруге бек қырағы,
Бір алуға бетіңнен итше қауып.

Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр» – деп, салдым соны өз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.

Күн ашылды, көрінер енді бойың,
Асықпасаң әзір тұр, міне, тойың.
«Керең саңырау – дегенім – құлағы жоқ» –
Таусылмайтын ұшы жоқ ұзын ойың.

Бәрін өзім білдім деп жүреді сол,
Жан жоқ боп ақыл, ойға өзінен мол.
Өз жанының пайдасын естімейді,
Естір болса, жүріс бар-бір сапар жол.

Бұл сөзімнің балы бар, уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас?!
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан сыр жалаңаш?!
Сыбағаңа тұрған жоқ киім тиіп,
Бәрін тастап кетесің бір жерге үйіп.
Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса,
Киімің жоқ кететін тағы киіп [12].

Міне, өз заманындағы «өз басына» «керек істі» көрмейтін «соқырды», «өз жанының пайдасын» естімейтін «саңырауды», өлгенде, о дүниеге өзімен бірге еш затты, бұйымды, яғни байлықты алып кете алмайтынын ескермей, «жалғанға киім киіп» келгендей тоқмейілсуші «жалаңашты» ақын осындай шартты сюжет, көркем бейнелеу көмегімен әсерлі шеней білген.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP26199787 «Мәшһүр Жүсіп және рухани құндылықтар»).

Қорытынды

Сөйтіп, хикаят және тұспалдау өлеңдері арқылы Мәшһүр Жүсіптің лириканың жанрлық шеңберін кеңейткені көрініп тұр. Мұның бәрі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ лирикасын сөз еткенде, онда ерекше орын алатын тұспал өлеңдерге кең көңіл бөлу керектігін дәлелдей түседі.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.

2 **Квятковский, А.** Поэтический словарь [Текст]. – М. : Сов. Энциклопедия, 1966. – С. 45, 228–229.

3 **Uyama, T.** The Geography of Civilizations : A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century [Text] // Regions : A Prism to View the Slavic-Eurasian World : Towards a Discipline of «Regionology». – Sapporo : Slavic Research Center, 2000. – P. 70–99.

4 XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1982. – 240 б.

5 **Қалқаманұлы, Бұқар Жырау.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1992. – Б. 32.

6 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. – 1177-папка. – Б. 63.

- 7 Абай. Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1977. – Т. 1. – 454 б.
- 8 Әулеттік мұрағат : Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы. – 4-папка. – Б. 197.
- 9 **Торайгыров, С.** Сарыарқаның жаңбыры [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1987. – Б. 75.
- 10 **Сейфуллин, С.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1986. – Т. 1. – Б. 25.
- 11 **Исмайылов, Е.** Ақын және революция [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1983. – Б. 96.
- 12 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2003. – Т. 2. – 384 б.

References

- 1 **Baitursynov, A.** Şyğarmalary [Essays] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1989. – 320 p.
- 2 **Kvyatkovsky, A. N.** Poeticheski slovär [Poetic dictionary] [Text]. – M. : Sov. Ensiklopedia, 1966. – P. 228–229.
- 3 **Uyama, T.** The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century [Text] // Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World: Towards a Discipline of «Regionology». – Sapporo : Slavic Research Center, 2000. – P. 70–99.
- 4 XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы [Kazakh poetry of the XV–XVIII centuries] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1982. – 240 p.
- 5 Kalqamanyly, Buhar Zhyrau. Şyğarmalary [Essays] [Text]. – Almaty : QR ŪĞA M. Äuezov atyndaғы ädebiät jäne öner instituty, 1992. – P. 32.
- 6 QR Ğylym akademiasynyn Ortalyq qoljazbalar qory [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts]. – folder #1177. – P. 63.
- 7 Abai. Şyğarmalary [Abai. Essays] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1977. – Т. 1. – 454 p.
- 8 Äulettik mūrağat : Mäşhür Jüsip qoljazbasy [Dynastic archive: manuscript of Mashkhur Zhussip]. – Folder 4. – P. 197.
- 9 **Toraighyrov, S.** Saryarqanyñ jañbyry [Rain of Saryarka] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1987. – P. 75.
- 10 **Seifullin, S.** Şyğarmalary [Essays] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1986. – Т. 1. – P. 25.
- 11 **Ismailov, E.** Aqyn jäne revolüsia [The Poet and the revolution] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1983. – P. 96.
- 12 Mäşhür Jüsip. Şyğarmalary [Mashkhur Zhussip. Essays] [Text]. – Pavlodar : ECO, 2003. – Т. 2. – 384 p.

13.07.25 ж. баспаға түсті.

30.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова², А. С. Аблаев³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 13.07.25.

Поступило с исправлениями 30.07.25.

Принято в печать 25.08.25.

МАШХУР ЖУСИП И ИНОСКАЗАТЕЛЬНЫЕ ПЕСНИ

В этой статье были рассмотрены повести, иносказательные песни в произведениях известного казахского поэта, фольклориста, историка, этнографа, востоковеда Машхура Жусипа Копеевича.

Машхур Жусип много способствовал полноте, совершенству казахской лирики как жанра через повести, иносказательные песни. С помощью введения в этих произведениях небольшого противоречия между различными лирическими образами поэт способствовал жанровому наполнению лирики. Отчасти эпос, принимая драматический эффект, породил формы сохранения актуальной специфики, своеобразия, присущего лирике.

Не мало иносказательных песен были написаны Машхуром Жусипом. В статье всесторонне проанализировано стихотворение Машхура Жусипа «Соқыр, санырау жане жаланаиш», названное наиболее ярким образцом иносказательных песен в казахской поэзии первого десятилетия XX века.

В работе дается обзор иносказательных песен поэтов, встречающихся со времен Бухар жырау до Машхур Жусипа. Сравниваются труды и отзывы таких ученых, как А. Байтурсынов, С. Сейфуллин, С. Торайғыров и др.

Машхур Жусип не только собирал, публиковал, изучал казахское культурное наследие, но и внес большой вклад в историю казахской литературы: в становление жанровых форм поэзии, стилистические особенности и др.

Ключевые слова: М. Ж. Копейұлы, А. Байтұрсынов, фольклор, лирика, повесть, иносказание, жанр.

*N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova², A. S. Ablayev³

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 13.07.25.

Received in revised form 30.07.25.

Accepted for publication 25.08.25.

MASHKHUR ZHUSSIP AND ALLEGORICAL SONGS

This article reviewed the stories, allegorical songs in the works of the famous Kazakh poet, folklorist, historian, ethnographer, orientalist Mashkhur Zhussip Kopeevich.

Mashkhur Zhussip greatly contributed to the completeness and perfection of Kazakh lyrics as a genre through stories and allegorical songs. By introducing a small contradiction between different lyrical images in these works, the poet contributed to the genre content of the lyrics. In part, the epic, taking on a dramatic effect, gave rise to such forms of preserving the actual specifics, the originality inherent in the lyrics.

Quite a few allegorical songs were written by Mashkhur Zhussip. The article comprehensively analyzes Mashkhur Zhussip's poem «Sokyr, sanyrau zhane zhalanash», called the most striking example of allegorical songs in Kazakh poetry of the first decade of the twentieth century.

The paper provides an overview of the allegorical songs of poets found from the time of Bukhar Zhyrau to Mashkhur Zhussip. The works and reviews of such scientists as A. Baitursynov, S. Seifullin, S. Toraighyrov and others are compared.

Mashkhur Zhussip not only collected, published, studied the Kazakh cultural heritage, but also made a great contribution to the history of Kazakh literature, the formation of genre forms of poetry, stylistic features, etc.

Keywords: M. Zh. Kopeyuly, A. Baitursynov, folklore, lyrics, story, allegory, genre.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz